

"МАКО" акционерлік қоғамының Өскемен жібек мatalар комбинатында кард мақта-мата жібін шығару үшін жіп иіру өндірісін техникалық жағынан қайта жарақтандыру және торап бойынша жаңарту" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 19 қыркүйек 1994 ж. N 1033

"Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды үйимдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 K941607\_ Қаулысына және Шетел кредиттері жөніндегі комиссияның 1994 жылғы 19 қыркүйектегі N 3-13 шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "МАКО" акционерлік қоғамы мен Германияның "Текстима" фирмасы арасында кардтық жіп иіру үшін желісін қайта құруға жалпы сомасы 17,5 млн. неміс маркасына жасасылған контракт мақұлдансын.
2. Жобасын қаржыландыру Германияның Қазақстан Республикасына беретін кредит желісі шеңберінде жүргізілсін.
3. "МАКО" акционерлік қоғамы заем алушы ретінде барлық қажетті кепілдіктерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беретін болсын. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жоба үшін Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін.
4. Қазақстан Әлем Банкісі неміс банкісімен дербес кредиттік келісім жасасын.
5. "МАКО" акционерлік қоғамы Қазақстан Әлем Банкімен дербес кредиттік келісім жасасын.
6. Кредит бойынша 2642 мың неміс маркасы мөлшеріндегі аванстық төлемді болашақта өнім беріп тұру есебіне Қюстеро Циттауер Машинен-фабрик ГмбХ фирмасы жасағаны ескерілсін. Кредитті және оның проценттерін, сондай-ақ кредитке қатысты барлық төлемді "МАКО" акционерлік қоғамы дербес өтейді.
7. "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясы жобаның жүзеге асырылуы барысын және кредитті өтеуге бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК